

егемен

Азатстан

Кенес құрған жерде кемдік жоқ

Қасым Аманжоловтың ғасырлық тойы алдында ел азаматтарына айтар құлаққағыс Талай шешен таңдайы тақылдап, көп айтса да көнермей, сансыз адам, сан халыққа тағылым болған, ескіден жеткен есті аңыз былай деп сыр шертеді. Біздің ұлы даламызда екі патшалық қатар өмір сүріпті. Оның бірі – әскері сұсты, экономикасы күшті, қуатты мемлекет те, екіншісі жайынның жанындағы шабақтай шағын ел екен. Күші тасып, атағы асқан үлкен ел кіші елді жаулап алмақ боп жорыққа аттаныпты. Шабуылға шыққан елдің патшасы шаппақ болған еліне жақын келіп жансыздарын жіберіпті. Көрші елді өз көзімен көріп қайтқан жансыздар мен жорыққа аттанғалы отырған патша арасындағы әңгіме былай өрбіпті: – Көршіміздің әскері қанша? – деп сұрапты патша. – Жетпіс мың – депті жансыздардың басшысы. – Түк емес екен, менің жеті жүз мың әскерім ондай шабақтарды оп-оңай-ақ жұта салады. – Ал енді әлгі елдің халқы сөзіне құлақ асатын қанша ақыны бар екен? – деп сұрапты патша. – Тәждегі алтын жақұттай жарқыраған арқалы алты ақын бар, – депті жансыз. – Ақын деген әулие ғой, – депті патша. – Тобырды жеңуге болар, талантты қалай жеңерсің?! Теңізді дауыл, халықты ақын көтереді. Алты ақын асу бермес асқар алты тау, өткел бермес ашулы алты теңіз. Таудан қалай асарсың, теңізді қалай кешерсің? Әлемді билейтін сөз. Сөзді билейтін ақын. Сөздің иесі, ақынның киесі ұрар бізді. Әулие сынды ақындары бар елді жеңу мүмкін емес, мен бұл жорықтан бас тартамын деген екен. Аңыздың анасы – ақиқат десек, сөздің күші құдайдың күшіндей екенін бағымдарсыз.

Бар өнердің анасы – өзекті өртеп шыққан сөз бен сезімнен, қорытылған қорғасындай ой мен парасаттан жаралған әдебиет. Әдебиет дегеніміз – әлемдік алаң десек, таланттың тарихи міндеті ғарыштан да күрделі адам жаны жайлы ұлтты ұйытып, ұрпағына үлгі болар көркем ой айтып, көркем образ жасау. Талантқа қойылар осынау қатаң талап тұрғысынан келіп, шеберлік мұнарасынан қарағанда да, уақыттың сынынан сынбай өткен сымбаты бөлек сырлы әлемнің сәулетшісі болып қала беретін алаштың ақиық ақындарының бірі ғана емес, бірегейі Қасым Аманжолов. Өмірге ендім еңбектеп, Шалқалап әкем шықты үйден, Жетімдік тағдыр жетті ептеп, Қабағы қату түксиген. Өмірден үміт жоқ өзге, Даланың тердім тезегін, Әкем боп таптың со кезде, Советтік менің өз елім, – деп саяси тақырыптың өзінде де шедевр туғызған Қасымның шеберлік мектебіне соқпаған қазақ ақыны жоқ. Өйткені, Абай – қазақ жырының арыстаны да, Қасым жолбарысы. Киелі Қарауыл – қазақ поэзиясының Меккесі, қасиетті Қарқаралы – Мединесі. Өңімде ме еді, түсімде ме еді, Көріп ем ғой бір армандай қызды, Бір нәзік сәуле күлімдеп еді, Сұрапыл соғыс соқты да бұзды. немесе: Жанымды салсаң жалынға, Жанады-ау деп те сескенбен, Сонау бір болған шағымда-ақ, Шомылып өртке өскем мен, – деген сырлы да, мұңлы, ойлы да отты жырын әлі күнге дейін бар қазақ жатқа айтады. Бұл тегін емес, оның терең сырын тегеурінді таланттың тектілігінен іздеу керек.

Осы орайда туатын ой: Хакім Абай – қазақ жырының қасиетті Алатауы болса, ақиық ақын Қасым – қазыналы Қаратауы. Тарих ұзақ толғатып, сирек

туатын өзінің талантты ұлдарын тірісінде түртпектеп, өлген соң данышпаным, арыстаным деп өкситін қайран қазақ қанына сіңген қашанғы қызғаныштық, күншілдікпен Абаймен иықтасқан Мағжан, Ілияс, Қасымын да кешеуілдеп танып, кеш бағалады. Дегенмен «Но мой защитник время...» деп ұлылардың бірі айтқандай, табиғи таланттың бағасын тарихтың өзі беріп отыр. Өз басым Қасымды – жырдағы отты жасынды өзгелер ұмыта бастаған кезде, біреулер көкке, біреулердің жоққа шығарғанына, біреулердің атағына, біреулердің шатағына қарамастан жас кезімде Қарқаралыдағы ол туған Аққораға барып тағзым еткенімді, тегеурінді де текті Қасым жайлы ондаған мақала, «Сымбаты бөлек сырлы әлем» атты зерттеу, «Аманат» есімді драма және «Екінші өмір» романын жазғанымды жұбаныш қана емес қуаныш етемін. Жер-ана мен аспан-атаның ең ұлы туындысы Адамды қасиетті төсінде тербететін тал бесік пен жер астындағы тар бесіктің арасы әрі кеткенде жүз жыл. Ал, Өлді деуге бола ма, ойландаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған.

Ақындық дегеніміз өзі орынды жерінде ондырмай соғатын тегеуірінді тентектік, өзі өмір сүрген қоғамның қайшылықтарына деген қарсылық. Ондай ақын өмірлі, ондай поэзия мәңгілік. Сталиндік диктатураның кезінде де: Ей, тәкәппар дүние, Маған да бір қарашы, Танысың ба сен мені, Мен қазақтың баласы, – деп режимге қасқайып тұрып қарсы сөйлеген тентек те текті өлеңдер авторы бүгінде демократия берген кеңшілік кезеңде қалай көсілерін шамалай беріңіз. Әттең, дүние арман-ай, қылышынан қан тамған қызыл империя көсіліп шабар көшелі жүйріктің бауырын жаздырмады. Әлі де арман көп, аз өмір оған жетер ме? Солардың бір парасы: Қазақта Қасым бір туар. Ол жайлы сансыз жыр туар, Оның екі жүз жылдығын, Бүкіл әлем тойлайтын, Бақытты, жақұт күн туар. Мен өзімнің осы сөзіме бар діліммен сенемін десем, Қасым Аманжоловтың талантты шәкірті ғана емес, талассыз мұрагерлерінің бірі Серік Ақсұңқарұлы: Поэзия көз жасын жетті бұлап, Арғы атасы Гомердей текті бұлақ, Одан бұрын бір ақын болған еді, Оны адамзат ұмытып кетті бірақ, – деп басталатын жауһар жырында «ол түркі еді...» дей келіп, Қасым жайлы аз сөзге көп мағына сыйғыза жырлап еді. Сол жұлдызды жыр түйінін: Сол ақынның жұртында біздер жүрміз, Сосын басың, әрине, ауырады, – деп түйіп еді. Серік ақын айтқандай, «Сол ақынның жұртында» қалам ұстап жүргендіктен де Қасымның ғасырлық тойы қарсаңында алдымен өзімді қамшылап, қара орман қазаққа да құлаққағыс жасауды парыз деп білдім. Жасамас ешкім мәңгі, Бәрі кетер. Ізгі есім ғана мәңгілік, Мәңгіге Өне, сол жетер, – депті әлем мәдениетінің бір бөлшегі ғана емес, биік өлшемінің бірі Сагди. «Ізгі есімі мәңгіге жететін» сом тұлғалы асылдарымыздың бірі емес пе Қасым?! Алаштың аяулы ақынының тойын биік дәрежеде мінсіз өткізу – басшының да, басқамыздың да азаматтық парызымыз, сан ұрпақтың санасын сілкініп, ұлттық рұхты асқақтатқан дауылпаз жыр алдындағы қарызымыз емес пе? Кеңесті жерде кемдік жоқ. Даланың данышпан ақсақалдары айтқан тағы бір тағылымды сөз бар: «Кенесіп пішкен тон келте болмайды. Ардың жүгі нардың жүгінен де ауыр екенін ұмытпайық.

Қасым Аманжоловтың аруағының алдында адал болып, сөздің киесін сыйлап, алты алаштың аймаңдай ақынының ғасырлық тойын ел есінде қалатын тағылымды той дәрежесінде өткізу үшін ақыл қосайық. Әзірлік жұмыстарына тездетіп кірісейік, ағайын! Мерейтой – той тойлау емес, ой толғау, халықтың рухын көтеру, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие екенін ел жақсы біледі. Сол үшін, тағы да кеш қалмау үшін, Қасымның 70, 80, 90 жылдығындағы кемшіліктерді қайталамау үшін оқырман қауыммен ой бөлісу орайындағы нақты ұсыныстарым мынау: Қасымның еңселі ескерткіші оның шығармашылық өмірі өткен Алматы қаласында бой көтергені жөн. Белгілі бір тұлғаны бір өңір ғана еншілейтін үрдістен осы бастан арылуымыз керек. Оның орайы келмесе, ескерткіштің Қарқаралыда емес, халқы, қонағы көп Қарағандыда орнағаны орынды болар еді; Астана мен Қарағандыдағы бір-бір көше ақын атымен аталса; Қ.Аманжоловтың шығармаларын қамтыған 4 томы шықса; Ақын есімі республикадағы жоғары оқу орындары мен колледждердің біріне берілсе; Қасым жайлы деректі кинолента түсірілсе; Қасым туралы жазылған көркем шығармалар жеке кітап болып шығып, ақын жайлы спектакль қойылса; Ақын шығармалары жоғары оқу орындары мен мектептерде жүйелі түрде оқытылса; Газеттер мен радио, теледидар Қасымның туған күнін күтпей ақынның ғасырлық тойы жайлы мақала, сүбелі сөздерді күні бүгіннен бастап, жыл бойы үздіксіз берсе, ол да бір орайы келген оңды іс болар еді. Бұл менің ғана ойыма келген идея-ұсыныстар. Көп ақылы көл. Халықтың бұған алып, қосары аз болмаса керек. Ел тізгінін ұстаған руханият саласының азаматтары осы бастан бас қосып, ақылдасып, тізе түйістіре, тізгін ұстап, жұмыс істесе ақын тойы – әдебиет тойы ел айта жүрер тағылымы мол шара болар деген ойдамыз.

Сәбит ДОСАНОВ, жазушы
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері